

**Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ауылдық елді мекендеріне 2014 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік салаларының мамандарына тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау және көтерме жәрдемақы ұсыну туралы**

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы N 22-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қаңтарда N 2509 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 2015 жылғы 10 наурыздағы N 6.2.1-22/37 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 10.03.2015 N 6 . 2 . 1 - 2 2 / 3 7 х а т ы ) .**

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 08.04.2014 N 24-4 шешімімен (ресми алғашқы жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і ) .**

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы 18 бабы 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысымен бекітілген "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімі мәлімдеген 2014 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік салаларының мамандарына қажеттілікті ескере отырып ұсыну:

1) өтініш беру уақытында жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең с о м а д а ж ә р д е м а қ ы ;

2) тұрғын үй сатып алуға немесе салуға әлеуметтік қолдау - өтініш беру

уақытында бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада  
б ю д ж е т т і к к р е д и т .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 08.04.2014 N 24-4 шешімімен (ресми алғашқы жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) .

2. Осы шешімнің 1 тармағы 1), 2) тармақшаларының әрекеті ветеринария аумағының қызметін қамтамасыз ететін ветеринарлық пункттердің ветеринария мамандарына арналады .

3. Осы шешім ресми алғашқы жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі .

|                                                                                                                                                                                                      |               |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
| Солтүстік Қазақстан облысы<br>Ғабит Мүсірепов атындағы<br>ауданы мәслихатының<br>XXII сессиясының төрайымы                                                                                           | И. Гроот      |
| Солтүстік Қазақстан облысы<br>Ғабит Мүсірепов атындағы<br>ауданы мәслихатының хатшысы                                                                                                                | Б. Ысқакова   |
| "К Е Л І С І Л Д І "<br>"Солтүстік Қазақстан облысы<br>Ғабит Мүсірепов атындағы<br>ауданның ауыл шаруашылығы<br>және ветеринария бөлімі"<br>мемлекеттік мекемесінің басшысы<br>24 желтоқсан 2013 жыл | Ж. Қожахметов |
| "Солтүстік Қазақстан облысы<br>Ғабит Мүсірепов атындағы<br>ауданның экономика және<br>қаржы бөлімі" мемлекеттік<br>мекемесінің басшысы<br>24 желтоқсан 2013 жыл                                      | Н. Дышкант    |